**3. Кафедра теоретической и ядерной физики**
старший преподаватель – 4
**4. Кафедра теплофизики и технической физики**
заведующий кафедрой – 1
старший преподаватель – 2
преподаватель – 3

### ФАКУЛЬТЕТ ХИМИИ И ХИМИЧЕСКОЙ ТЕХНОЛОГИИ – 19

**1. Кафедра общей и неорганической химии**
заведующий кафедрой – 1
доцент – 1
преподаватель – 1
**2. Кафедра физической химии, катализа и нефтехимии**
заведующий кафедрой – 1
профессор – 1
доцент – 1
**3. Кафедра аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов**
заведующий кафедрой – 1
ассоциированный профессор (доцент) – 2
старший преподаватель – 1
**4. Кафедра химической физики и материаловедения**
старший преподаватель – 2
**5. Кафедра химии и технологии органических веществ, природных соединений, полимеров**
заведующий кафедрой – 1
профессор – 1
доцент – 3
старший преподаватель – 2

### ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОЛОГИИ, ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ – 14

**1. Кафедра государственного языка**
заведующий кафедрой – 1
доцент – 2
**2. Кафедра иностранных языков естественных факультетов**
заведующий кафедрой – 1
старший преподаватель – 2
преподаватель – 2
**3. Кафедра иностранной филологии и общего языкознания**
Заведующий кафедрой – 1
доцент – 1
**4. Кафедра истории и теории казахской литературы**
заведующий кафедрой – 1
**5. Кафедра теории и методологии перевода**
заведующий кафедрой – 1
**6. Кафедра иностранных языков гуманитарных факультетов**
заведующий кафедрой – 1

### ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ – 20

**1. Кафедра философии**
заведующий кафедрой – 1
доцент – 1
преподаватель – 1
**2. Кафедра религиоведения и культурологии**
старший преподаватель – 1
преподаватель – 1
**3. Кафедра общей и этнической педагогики**
доцент – 1
старший преподаватель – 3
преподаватель – 1
**4. Кафедра общей и этнической психологии**
заведующий кафедрой – 1
старший преподаватель – 3
**5. Кафедра социологии и социальной работы**
профессор – 1
старший преподаватель – 4
преподаватель – 1

### ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ – 14

**1. Кафедра уголовного права и уголовного процесса, криминалистики**
преподаватель – 3
**2. Кафедра гражданского права, гражданского процесса, трудового права**
старший преподаватель – 2
**3. Кафедра таможенного, финансового и экологического права**
заведующий кафедрой – 1
старший преподаватель – 5
преподаватель – 3

### ВЫСШАЯ ШКОЛА ЭКОНОМИКИ И БИЗНЕСА – 25

**1. Кафедра экономики**
заведующий кафедрой – 1
профессор – 1
доцент – 2
старший преподаватель – 7
**2. Кафедра учета и аудита**
заведующий кафедрой – 1
старший преподаватель – 1
преподаватель – 3
**3. Кафедра финансы**
заведующий кафедрой – 1
профессор – 1
доцент – 2
преподаватель – 1
**4. Кафедра менеджмента и маркетинга**
заведующий кафедрой – 1
старший преподаватель – 2
преподаватель – 1

***СРОК ПРИЕМА ДОКУМЕНТОВ до 24 июня 2013 года включительно***

**Перечень необходимых документов:**

1. *Заявление на имя ректора университета;*
2. *личный листок по учету кадров;*
3. *автобиография;*
4. *нотариально заверенные копии дипломов о высшем образовании, академической и ученой степени;*
5. *аттестат о наличии ученого звания;*
6. *список научных работ и изобретений (при наличии);*
7. *анкета;*
8. *характеристика с последнего места работы;*
9. *копии сертификатов о переподготовке и повышении квалификации (при наличии);*
10. *медицинская справка формы №086 и снимок флюорографии.*

**Документы принимаются по адресу:**
*г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71; каб. №703 и 704, с. 9.00. до 18.00 ч. (управление кадровой и архивной работы)*

**Телефоны для справок:**
*8 (727) 377 35 35, 377 33 30 (вн. 11-71, 11-73), факс – 377 33 44*

**На факультете филологии, литературоведения и мировых языков состоялась презентация сборника «Казахский национальный университет им. аль-Фараби: история и современность» (Санкт-Петербург-Тюмень, 2013), инициатором издания которого выступил доктор филологических наук, профессор Санкт-Петербургского государственного университета, ведущий научный сотрудник Института русской литературы Российской Академии наук С. Кибальник.**

# КАЗНУ – ФЛАГМАН ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ

Сборник включает статьи отечественных и зарубежных ученых, преподавателей, магистрантов. В их работах рассматриваются тенденции развития Казахского национального университета имени аль-Фараби, освещается его передовой опыт в области образования и науки. Большое внимание уделяется деятельности выдающихся ученых, внесших значительный вклад в обучение и воспитание молодежи, таких, как М. Ауэзов, З. Кабдолов, Т. Какишулы, А. Кыраубайкызы и др.

Предметом обсуждения становятся международные связи, направления научных исследований, проводимых в КазНУ. Авторы статей отмечают перспективы сотрудничества России, Казахстана и стран ближнего, дальнего зарубежья. Ими подчеркивается необходимость интеграции науки и образования, широкого внедрения инновационных технологий в процесс обучения. Значительное место отводится вопросам воспитания молодого поколения.

Среди авторов сборника – декан факультета филологии, литературоведения и мировых языков профессор К. Абдезулы, его заместитель по учебно-методической и воспитательной работе профессор Г. Казыбек, профессора З. Сейтжанов, К. Мадибаева, Н. Джуанышбеков, Ж. Тлепов, директор общеобразовательного лицея Тюменского государственного нефтегазового университета доцент Н. Голиков, генеральный директор автономной некоммерческой организации Детский образовательно-оздоровительный центр «Алые паруса» г. Тюмени А. Мясников, преподаватели Университета С. Демиреля Б. Керимбекова, Г. Отарбаева и другие.

В ходе презентации была отмечена необходимость дальнейшего сотрудничества в данном направлении и подготовки второго выпуска сборника. Ибо издание позволяет не только осветить деятельность ведущего университета Казахстана, но и объединить опыт отечественных, зарубежных ученых в области науки, образования и воспитания.

**А.Б. ТЕМИРБОЛАТ,**
*заведующая кафедрой истории и теории казахской литературы, доктор филологических наук, профессор*

# Тарихи маңызы зор жаңа кітап

**Жақында ҚР Ұлттық кітапханасының Көрме залында ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ғалым, публицист Нығмет Рахметұлы Жотабаевтың «Последняя осень Союзного парламента» атты кітабының тұсаукесері өтті.**

Автор туралы қысқаша мағлұмат бере кетсек, Н.Р.Жотабаев – ҚазКСР Жоғары Кеңесінің 12-ші шақырылымының халық депутаты, 1991 жылғы тамыз төңкерісінен кейін КСРО Жоғары Кеңесінің құрамына енгізілген. КСРО Жоғары Кеңесінің Республикааралық қатынастар жөніндегі комитет төрағасының орынбасары қызметін атқарған. Қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ саясаттану кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты, жиырмадан астам монографияның, жүзге тарта ғылыми мақала авторы.

Автор өзінің жаңа монографиясында КСРО Жоғары Кеңесінің, одақтас республикалардың Жоғары Кеңестерінің материалдары, атқарушы биліктің құжаттары, сонымен қатар, «Некоторые штрихи парламентской деятельности» (Алматы, 1993) еңбегінің негізінде өткен ғасырдың 1990-1991 жылдарына тап келген алып державаның тарихи тағдырын, Одақтық Келісім бойынша жағдайларды, жалпы халықтық референдум және ТЖМК (ГКЧП) кеселдерін, қайта құрылған КСРО Жоғары Кеңесі мен оның жоғарғы палатасы – Республикалар Кеңесінің, Республикааралық қатынастар жөніндегі комитетінің қызметтерін ұлтаралық қатынастар мәселесіне ерекше назар аудара отырып, толықтай баяндайды.

Жаңа кітаптың құндылығы – соңғы шақырылымдағы КСРО Жоғары Кеңесі қабылдаған құжаттардың түпнұсқалары жинақталған, Қазақстанның егемендігін жариялауы қарсаңындағы оқиғалар қазқалпында баяндалып, саяси талданған, яғни, деректемелік маңызы аса жоғары. Кітап көпшілік оқырман қауымның, зерттеушілердің, қоғамтанушылардың, мемлекеттік және ғылым, оқу орындары қызметкерлерінің қызығушылығын тудырары сөзсіз. Тұсаукесерге зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері, т.б. жиналды.

**Қ.С. САРТАЕВА,**
*саясаттану мамандығының 2-курс студенті*

# 7-ші халықаралық Орталық Азия ГАЖ конференциясы

**Мамыр айында география және табиғатты пайдалану факультетінің ұйымдастыруымен 7-ші Орталық Азия ГАЖ халықаралық конференциясы өтті. Орталық Азияның және басқа шет елдердегі геоинформатика ж не геоақпараттық ғылымдар саласындағы ғалымдар мен оқытушылардың және кәсіби мамандардың кездесуі және ГАЖ бойынша білім беру саласында тәжірибе алмасу мен халықаралық серіктестікті қолдауды мақсат еткен конференция «Өзара байланысқан аймақтар: қауымдастық, экономика және қоршаған орта» (Connected Regions: Societies, Economies and Environments)тақырыбын арқау етіп, ағылшын тілінде жүргізілді.**

Университет қабырғасында өткен халықаралық конференция Германиядан, Австриядан, Венгриядан, АҚШтан, Қытай, Үндістан, Қырғызстан және Тәжікстаннан, сонымен бірге Trimble Navigation International Ltd (АҚШ) және Leica (Германия) ірі компанияларадан келген өкілдермен геоақпараттық технология саласында жұмыс істейтін ғалымдардың, оқытушылар мен мамандардың басын қосты. Конференцияда дүниежүзінің 8 елінен келген 70-ке жуық шетел ғалымы қатысты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУдың бірінші проректоры М.М.Бүркітбаев конференцияның салтанатты мәжілісін аша отырып:

– Еліміздің инновациялы-индустриялы дамуы үшін мамандарға деген қажеттіліктің өсуіне байланысты университетімізде жыл сайын еңбек нарығына қажетті жаңа мамандықтар ашуда. Бұл Орталық Азия бойынша барлық аймақтарда біздің университетіміздің жоғары білім беруде ғылым мен білім саласында жоғары деңгейде болуына рұқсат береді, – дейді.

Бүгінгі таңда университет шетел ғалымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, жас ғалымдар дайындауда ғылыми тәжірибемен алмасып, кеңес бере отырып, дәрістер оқуда. Сондай-ақ университет достастығы мақсатында үлкен еңбектер атқарып жүрген, конференцияның негізгі ұйымдастырушысы, атақты ғалымдардың бірі, Зальцбург Университетінің Геоинформатика департаментінің директоры Джозеф Стробел конференция ашылуына қатысып, сөз сөйледі:

– География және табиғатты пайдалану факультетімен 2005 жылдан бері бірлесіп, жемісті еңбек етіп келеміз. Соның ішінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша студенттермен, магистранттармен және д о-ранттармен алмасып, 2009 жылдан бастап TEMPUS IV халықаралық жобасы аясында факультетте геоинформатика саласында жоғары білікті мамандар даярлайтын халықаралық жа магистрлік бағдарламасы ашылып, соған лайықты Еурокомиссиясымен қаржыландырылған заманауи зертхана жұмыс жасауда. Бүгінде алға қойылған мақсатты жоспарларымыз көп, әлі де көптеген жетістіктерге бірлесе жетеміз деген үміттемін, – деп өз сөзін қорытындылады.

Халықаралық конференцияға Қазақстандағы Австрия елшісінің орынбасары А. Орасче, Қазақстандағы ТЕМПУС ұлттық эксперті Р.К. Сагиева, Орталық Азия елдерінің басты үйлестірушілері А.У.Чымыров, А.У. Назарқұлова (Қырғызстан, Бішкек) сонымен қатар, география және табиғатты пайдалану факультетінің профессорлары қатысты.

**Г.Н. НҮСІПОВА,**
*география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының меңгерушісі*

# Глазгодан келген қонақтар

**Жуырда Глазго университетінің, Шотландия жаратылыстану ғылымдары факультетінің делегациясы әл-Фараби атындағы ҚазҰУдың биология және биотехнология деканы, б.ғ.д., профессор Т.М. Шалахметованың шақыруымен факультетте қонақта болды. Делегаттар қатарында: факультет деканы Др. Роб Айткен, молекулярлы иммунология профессоры Билл Кэшли мен халықаралық бөлімнің бас маманы Кэролайн Бодье болды.**

Кездесу молекулярлы биология және генетика кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.д., профессор З.Ғ. Айташеваның қысқаша таныстыруымен басталды. Доктор Айткен мен профессор Кэшли презентациясынан кейін сұрақ-жауап алмасу өтті. Мұнда студенттер мен мұғалімдер факультеттер арасындағы ғылыми бірлестіктер мен оқу үрдісіне қатысты жеке сұрақтарын қоя алды.

Жаратылыстану ғылымдары факультеті кіретін медициналық, ветеринарлы және жаратылыстану ғылымдары колледжіндегі ғылыми-зерттеу институтының фундаменталды және қолданбалы ғылымдар саласындағы зерттеу диапазоны кең, әлемдегі және Ұлыбритания зерттеу институттары мен оның басқа бөлімшелерімен бірлесе отырып тәжірибе жинақтауда.

Сонымен қатар, кездесуге ҚР ҒБМ М.А.Айтхожин атындағы биохимия мен молекулярлы биология Институтының иммунобиотехнология мен молекулярлы иммунология лабораториясының өкілдері – лаборатория меңгерушісі, б.ғ.д., профессор Н.Н. Беляев пен лаборатория қызметкерлері қатысты.

**З.Б. ЕСІМСЕЙІТОВА,** *б.ғ.к., доцент,*
**А.І. ЖҮСІПОВА,** *PhD, оқытушы*

**«7 арна» ЖОО гуманитарлы мамандықтар түлектерінің ең үздік бейнесюжеттеріне «Жас дидар» байқауын жариялайды**



**Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар және халықаралық құқық кафедраларының бірінші курс студенттері, атап айтқанда, студент-волонтерлер немесе студен-демеушілер Алматы қаласы маңындағы Бағанашыл елді мекенінде орналасқан №1 балалар үйінің тәрбиеленушілерімен кездесу ұйымдастырды.**

# Жақсыдан шарапат...

Студенттер сырт көзге ештеңеден кенде емес сияқты көрінгенімен, ата-ананың мейіріміне әлдеп, ыстық ықыласын аңсап жүрген, аялы алақанына зар болып, отбасының қамқорлығын, жылуын сағынып жүрген балалардың жандарына қуаныш сыйлауды мақсат етті. Әрқайсысы студенттік күндердің қарбалас күйбеңін, уақыт күттірмейтін көп шаруаларын ысырып қойып, қуаныш, шаттық сыйлап, солардың күлкісін көріп, жақсылық жасау үшін жандары жаралы балалармен кездесетін сәтті толқып, асыға күтті. Осы кездесу балалардың есінде үлкен мереке сияқты болып қалуы үшін сыйлықтар алынды, оларды еліктіріп, қызықтырып көңілдендіретін ойындар ұйымдастырылды, тақпақтар жатталынды, жұмбақтар ойластырылды, ертегілерден, мультфильмдерден көріністер, оқушылар өмірінен көріністер даярланды...

Көптен күткен сәт те келіп жетті. Басында тосырқай қараған тәрбиеленушілерді студент-демеушілер еліктіріп әкетті, тіпті өздері де балалық шаққа қайта оралғандай күй кешті... Олардың шат күлкісін естігенде, шын қуанғандарын көргенде, еңбектерінің зая кетпегендеріне көздері жетті. Бұл туралы топ басшысы Әкежан Тұрсынғалиев: «Бүгін осы бүлдіршіндердің жүрегіне ізгілік дәнін ектік деп есептеймін. Олар мейірімді, жандары шуақты жайдары болып өссе, қатігездік кейін шегініп, адамдар арасында жауыздық болмайды деп сенемін! Әрі біз, жігіттер, өмірге бала келген соң, әкенің жауапкершілігі зор екенін сезінгендей болдық», – деді. Ал, Диана Сероухова: «Балалардың шын қуанғанын көргенде, еңбегіміздің ақталғанын көріп, өзімді бақытты сезіндім», – деді.

Иә, жақсылық жасасаң, оның сауабы өзіңе ғана емес, бүкіл ұрпағыңа тиеді дейді халық даналығы. Жақсылыққа ұмтылайық, адамзат!

**Раушан МАТКЕРИМОВА,**
*халықаралық қатынастар факультетінің аға оқытушысы, куратор-эдвайзер*

# Білім мен тәрбие

**Жақында заң факультеті және гуманитарлық факультеттерге арналған шет тіл кафедрасы Ішкі істер органдары өкілдерімен қоғамда болып жатқан тәртіп бұзушылықтың алдын алу және жастармен тікелей сұрақ-жауап сұхбаттасуы мақсатында кездесу ұйымдастырды.**

Үлкенге құрмет көрсету бүгінгі жастың міндеті болса, кішіге ізетпен қарау – аға буынның парызы. Кездесуге Бостандық ауданының АІІБ бастығының орынбасары, полковник С.Р.Хамзин, Алматы қаласының ІІД әкімшілігінің басқарма подполковнигі Т.М. Олжабаев және зейнеттегі полиция майоры Б.А. Абденова келіп қатысты. Зейнетке шықса да, ішкі істер ұйымында қызмет етудің бейнетін жастарға ашып көрсетуден жалықпаған Бану Абденова: «Ең дұрыс жолдың бірі – Абайдың қара сөздерін оқу», – деп кеңес берді. Жастар арасынан сұрақ-жауап барысында құқық бұзушылық біздің университетке жат қылық және баланы бастан демекші университетіміздің табалдырығын аттаған студенттерге арнайы білімдерін алғанға дейін бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында түрлі жастар ұйымдары жұмыс атқаруы тиіс деген ойлар қосты.

Айналамызды жақсы тәртібімізбен нұрландыра түсу - әрқайсымыздың міндетіміз. Біліміміз бен тәрбиеміз көпке үлгі болсын!

**Г.Т. ОКУШЕВА,**
**З.М. ЖАНАДИЛОВА,**
*Гуманитарлық факультеттерге арналған шет тіл кафедрасының оқытушылары*

**Мы – выпускники геолого-географического факультета КазГУ им. С. Кирова в следующем году будем отмечать 60-летие со дня поступления и 55-годовщину окончания нашего замечательного университета.**

# НЕЗАБЫВАЕМЫЙ СВЕТ СТУДЕНЧЕСТВА





Мы с волнением и трепетом вспоминаем годы нашей юности, проведенные в стенах Альма-матер. Несмотря на трудное послевоенное время, мы были полны энтузиазма и романтики, нами владела жажда знаний.

Нас обучали высококвалифицированные преподаватели, влюбленные в свою профессию. Поистине они сеяли в наши души доброе и вечное. Мы с благодарностью вспоминаем их имена. Это – первооткрыватель ванадиевых месторождений в Южном Казахстане В.Соколов, декан факультета А. Глаголев, известный нефтяник Казахстана П. Авров, геолог-нефтяник И. Шмайс, геолог-петрограф К. Ержанов, который впервые в Казахстане изучил пегматиты Тарбагатая.

Курс «Общей геоморфологии» читал один из основателей геоморфологии Казахстана профессор М. Жандаев. Практические навыки студентам давал В. Беспалов – один из признанных специалистов по геологической съемке различных территорий страны. А также крупный специалисты по лессовым отложениям М. Ломонович и по структурной геологии А. Бувалкин, геолог-тектонист П. Зотов, геодезисты-топографы Я. Шувалов и К. Стариков.

Прошло много лет с тех пор как мы окончили университет. Из выпускников нашего факультета больших успехов достигли как специалисты геологического, так и географического отделений. Некоторые из них стали первооткрывателями и лауреатами государственных премий и лидерами важнейших отраслей геологической науки и производства республики. Их многолетняя геологическая деятельность в решении проблем минеральных ресурсов государства заслуженно пользуется признанием общественности Казахстана. Среди них К. Аитпаев, С. Камалов, С. Курманов, К. Боранбаев, С. Хамза, А. Тян, Г. Алимжанова, Н. Шухов, Е. Пучков, А. Калаченко, Б. Аубекеров, В. Канищев, Ю. Волож, Г.Шегай, Р. Турсунбаев, А. Нуркина, Л. Сугак, М. Исаева, В.Москович, И. Осауленко, А. Василенко, Г. Давыдова, Ш.Байкенев, В. Кулаков и другие.

С нами вместе учился ныне всемирно известный поэт и общественный деятель Олжас Сулейменов. Именно с нашего курса в 1957 г. в составе первой группы советских студентов были направлены на учебу в Китай С. Кусаинов, Р. Симятова, Э. Чуракова и А. Хажибаева, которые затем успешно окончили Пекинский университет.

Хотя после окончания университета прошло почти 60 лет, мы не теряем связей друг с другом. По установившейся традиции, выпускники нашего курса ежегодно в первое воскресенье апреля отмечают День геолога, а каждые пять лет устраивают юбилейные встречи. Вот и в этом году мы встретились в Алматы. Торжественную встречу, как правило, начали с исполнения гимна геофака, который является символом духовного единства с факультетом и университетом. Убеленные сединами выпускники, стоя плечом к плечу, с молодым задором пели: «Каждый, кто юн и весел, тот будет петь о нашем факультете». И где бы мы не находились, мы стараемся не ронять чести нашей Альма-матер, где работает блестящий профессорско-преподавательский состав и откуда выпускаются высококлассные специалисты.

**С. КУСАИНОВ,**
*проф. факультета географии и природопользования,*
**К. АЙТБАЕВ,**
*первооткрыватель месторождений*

# Серпіліс берген игі бастама

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінде «Биологиядағы зерттеудің физика-химиялық әдістері» атты зертхана өз жұмысын жаңа серпіліспен жалғастыруда.**



Факультет деканы, биология ғылымдарының докторы, профессор Шалахметова Тамара Минажевнаның зертхананы заманауи жабдықтармен толықтыру ұсынысы қолдау тауып, зертхана университет қаржысымен қайта өңделіп, жаңа оқу жылында қолданысқа берілген болатын. Қазіргі таңда ғасырдың ғажайып жабдықтарымен жабдықталған зертхана студенттермен қатар ұстаздарға да ғылым жолындағы жетістіктеріне жетуге мұрындық болып отыр.

«Бұл ұжымдық қолданыстағы зертхана. Тікелей компьютерлік бағдарламалармен басқарылатын бұл жабдықтар, талдаудың сапалы нәтижесін алуға мүмкіндік береді. Осы жабдықтарды қолдануға қажетті әдістемелік нұсқаулар қазақ тілінде жазылып жатыр. Оқу үдерісіне, дипломдық жұмыстарға зертхананың тигізер көмегі зор болып отыр», - дейді зертхана меңгерушісі, биология ғылымдарының кандидаты, биотехнология кафедрасының аға-оқытушысы Мұқатаева Қарлығаш Ақпарқызы.

Ресейдің «Люмэкс» компаниясының сервис-инженері арнайы келіп, бір айдың көлемінде зертханадағы жабдықтарды меңгеруге атсалысты. Факультет қызметкерлері жабдықты игеру жөнінде сертификат алды. Зертхана студенттердің ғылымға деген құлшынысын арттыра түскені анық. Университеттің ғылымға деген қамқорлығы әлі де жалғасын табарына сенімдіміз.

**Арайлым РУСЛАН,**
*журналистика факультетінің*
*2-курс студенті*

# ТУБЕРКУЛЕЗ – адамзаттың ғаламдық проблемасы

ҚазҰУ-дың №17 студенттер үйінде экономика және бизнес жоғары мектебі, физика-техникалық факультеті, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті студенттері қалалық студенттер емханасының фтизиатор-кураторы. Алматы қаласының Түрксіб ауданындағы қалалық туберкулезге қарсы диспансерінің І-дәрежелі дәрігері Гульбарам Есенбаевамен кездесу өткізді.

Қазіргі уақытта жыл сайын туберкулез ауруынан 1,6 миллион адам өмірден өтуде. Республикада жыл сайын ашық формалы туберкулезбен тіркелушілердің саны 23 мың адамды құрайды. Жартысына жуығын 34 жастан төмен аурулар құрайды.

Гульбарам Утепбаева туберкулез жайлы, оның түрлері, таралу жолдары мен емдеу тәсілдері туралы баяндама оқыды. Басты назар туберкулездің алдын алу шаралары мен флюро жазбалардан жыл сайын өтудің қажеттілігіне аударылды. Студенттердің назарына бейнематериал ұсынылды.

Студенттер осындай шараларды Әлемдік денсаулық сақтау ұйымының (ӘДСҰ) белгілеуімен жыл сайын 24 наурызда өтетін Әлемдік туберкулезге қарсы күрес күнімен ұштастырып, ұдайы өткізіп отыруды дұрыс санайды.

**К.Т. КЕНЖЕЕВА.**
*орыс филологиясы. орыс және әлем әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы.*
**Н.Ю. ЗУЕВА,**
*доценті*

**№5 Студенттер үйінде республикалық «Қазақстан» ҰТА-ның «Айтуға оңай...» ток-шоуының жүргізушісі Бейсен Құранбекпен кездесу өтті. Кездесуді журналистика факультеті, баспа ісі және дизайн кафедрасының 2-курс студенттері мен осы кафедраның аға оқытушысы М. Майлықұтова ұйымдастырды.**



# Он бес жылдан кейінгі қауышу

Көгілдір экранға «Айтуға оңай...» атты ток-шоуды әкеліп, қалың халықтың әлеуметтік-тұрмыстық және тағы басқа мәселелерін қозғай білген бағдарлама жүргізушісімен кездесу әсерлі өтті. Бейсен Құранбектің жастық шағы да осы №5 жатақханада өткен. Ұйымдастырушылар қонақты 301-бөлмеге арнайы апарды. Өйткені Бейсен Құранбектің студенттік өмірі өткен бөлме де осы болатын. 15 жылдан кейін келіп, сүйікті жатақханасымен бір сәтке қауышқан Бейсен Құранбек таңданысын да жасыра алмады.

Содан кейін кездесу де басталып кетті. Жүргізуші әрі ұйымдастырушылардың бірі Теңге Бекмұрзаева қонақ жайлы аз-кем таныстырып өткеннен кейін, сөз кездесу қонағына берілді. Бейсен Құранбек бұл кездесуді әдеттегі кездесулер сияқты өткізгенді қаламаса керек, кездесу бейне бір «Айтуға оңай...» ток-шоуының №5 жатақханасындағы түсірілімін дей әсерге енді.

Кездесу шоуын бастаған Б. Құранбек жас журналистерге өз тәжірибесімен бөлісті, ағалық ақылын айтты, бағыт көрсетті. Ол кездесуде: «Журналистердің қолында қоғам алдындағы жауапкершілік болуы тиіс. Журналистер ақпараттың анық-қанығына, арт жағына үңіліп барып, хабар таратулары керек. Біз көбінде түбіне бойламаймыз, не боларын ойламаймыз, соны жеткіземіз. Кез келген нәрсені жақсы десеңіз жақсы, жаман десеңіздер ол жаман болады. Біз ақпаратты қалай таратсақ, солай болып кетеді. Міне, соған мұқият мән берген жөн. Демек, біз өзіміз ғана адаспаймыз, өзгелерді де адастырамыз», – деп журналистиканың жауапкершілігін түсіндірді.

Кездесуде Б. Құранбек қыз баласына журналистиканың қиын екендігін айтты және олардың да осы саланы алып кете алатындығын және ең бастысы журналистика мен жеке өмірді қатар алып жүру керектігін баса айтты. Адамның жан дүниесін, рухына, оның отбасына деген кіршіксіз адал көңілі Бейсен Құранбектің әр сөзінен байқалады. «Алдындағы буынның міндеті – айту» деп түсінетін ағамыз адамның жан-дүниесінде болып жататын өзгерістерге де тоқталды. Қонақ сөзіне сенсек: «Адамның кеудесіндегі тәкаппарлық шіріген ағаштың күйіне апарады. Бұл өзіңді «мықтымын» деген күннен басталады. Ал кеудеңде үлкен жасын болса, ол сенің жаныңды шірітпейді», – екен.

«Әрбір адамның қабілетін ашу – менің негізгі миссиям», – деп түсінетін Бейсен Құранбек болашақ журналистер алдында ағалық дәрісін оқып, тәжірибе де жасады. Олардың көгілдір экран алдына қысылмай, іштегі қорқынышты жеңіп, эфирге шығу үшін жасалатын жаттығуларды да көрсетті, үйретті, кеңесін берді.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**
*студент*
**Қарлығаш МЕРГЕНБАЕВА,**
*жетекші*

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**
*Бас редактор* – **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**
*Жауапты хатшы* – **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА**
*Тілші* – **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
*Корректорлар:* **Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА**
*Беттеуші* – **Айжан ЖАҚЫПОВА**
*Фототілшілер:* **Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ**

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**
**050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.**
**Байланыс телефоны:**
**377-33-30, ішкі: 11-94,**
**тікелей: 377-31-48.**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында
(Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**
**Таралымы 1000 дана.**
**Тапсырыс № 10501**

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.